

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «07» тамыз

### БЖЗК электрондық қызметтері жаңа қызметпен толықты

*enpf.kz* сайтында ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға болады

Барлық салымшылар мен алушылар үшін зейнетақы қызметтеріне тәң қолжетімділікті қамтамасыз ету – бұғанде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы коры (БЖЗК) алдында түрған маңызды міндеттердің бірі. БЖЗК зейнетақы қызметтерін оңтайландыру және жетілдіру жолында салымшылар мен алушыларға жаңа, заманауи қызметтер ұсынады. Бұл қызметтер оларды уақыт шығынданап, Қор бөлімшесіне келіп, құжаттар толтырудан құтқарады. 2018 жылдың шілдесінде *enpf.kz* сайтының Жеке кабинеті және «Электрондық қызмет көрсету» бөлімінде жаңа қызмет – ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу қызметі іске қосылды. Оны пайдалану үшін салымшылар мен алушыларда электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦК) өзекті кілті болуы керек.

Бұл бар болғаны бірнеше минут уақытты алады. Авторлану және ЭЦК тексерілген соң, «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқоры мен БЖЗК дерекқорында салымшыны сәйкестендіру үдерісі жүреді. Осындай тексерулерден сәтті өтілген жағдайда, салымшыға ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін деректерді енгізуудің электрондық нысаны ұсынылады. ЭЦК кілтімен қол қойған соң, салымшыға «БЖЗК» АҚ-та жеке зейнетақы шотының ашылғандығы туралы туралы Анықтама беріледі. Оны сақтауға және (немесе) қағазға басып шығаруға болады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа автоматты түрде мына құжаттар тіркеледі (пайдаланушы таңдаған тілде):

- ЖЗШ ашу туралы анықтама (Қор ЭЦК қол қойылған pdf-құжат және xml-құжат);
- алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦК) қол қойылған, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт (жеке тұлға болып табылатын салымшы үшін) (pdf-құжат және xml-құжат);
- салымшының сауалнамасы (xml-құжат);
- Мемлекеттік дерекқордың жауабы (pdf-құжат).

Биыл БЖЗК сайтында өткен жылы іске қосылған электрондық сервистерді БЖЗК ұялы қосымшасы арқылы да қолжетімді ету жоспарланып отыр.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы  
БАҚ үшін байланыстар: [press@enpf.kz](mailto:press@enpf.kz)